



otpannews.kz

1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

МАҢҒЫСТАУ



Kaspi Bank
арқылы жазылу

№90 (10490) 18 ҚАРАША, СЕЙСЕНБІ, 2025 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

АДАЙ ЖЫЛҚЫСЫН ӨСІРГЕН АРДАГЕР – «ЕҢБЕК ДАҢҚЫ» ИЕГЕРІ

МАҢҒЫСТАУЛЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНЫҢ АРДАГЕРІ МЫРЗАТАЙ ҚОЙШЫБАЕВ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ҚОЛЫНАН ЖОҒАРЫ МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТ АЛДЫ. ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДА АЯН-БАЙ ЕҢБЕК ЕТІП ЖҮРГЕН 30 АЗАМАТҚА МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАР ТАБЫСТАП, ОЛАРДЫҢ ЕЛ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІН АТАП ӨТТІ. СОЛ ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА МАҢҒЫСТАУ АУДАНЫ, САЙӨТЕС АУЫЛЫНДАҒЫ «НАҚХАН» ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫНЫҢ БАСШЫСЫ, ЖЫЛҚЫ ӨСІРУ ІСІНІҢ БІЛГІРІ МЫРЗАТАЙ ҚОЙШЫБАЕВ ТА БАР.

Адал еңбегі мен жылқы шаруашылығын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін ол II дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен марапатталды.

Мырзатай Қойшыбаев жылқы шаруашылығына 30 жылдан аса уақыттан бері еңбек сіңіріп келеді. 1992 жылы жеке шаруашылығын құрып, табандылықпен Адай жылқысының асыл тұқымын көбейтуге кіріскен. Бүгінде оның қожалығы Маңғыстау облысын ғана емес, өзге өңірлерді де сапалы қымызбен тұрақты қамтамасыз

етіп отыр. Шаруа қожалығының абыройы – адал еңбек пен ұлттық құндылықтарға деген беріктіктің жемісі.

Тек шаруашылықта емес, отбасында да үлгілі Мырзатай аға – 7 баланың әкесі. Айтуынша, балаларының барлығы жеке кәсіпкерлікпен айналысып, әке жолын жалғастырып келеді.

– 2017 жылы үшінші дәрежелі «Еңбек даңқы» орденіне ие болдым. Биыл осы марапаттың екінші дәрежесін алып отырмын. Бұл – тек жеке жетістік емес, ауылда, шаруашылықта маңдай



термен еңбек етіп жүрген барша азаматтардың ортақ еңбегінің нәтижесі. Ел игілігіне бағытталған еңбекті бағалаған басшылыққа зор алғыс айтамын, – деді Мырзатай Қойшыбаев.

Ұлттық брендiмiзге айналған Адай жылқысын

көбейтуге, қымыз өндiру iсiн дамытуға өлшеусiз үлес қосқан еңбек адамының марапаты – ауыл шаруашылығы саласына деген құрметтің көрінісі.

«Маңғыстау» ақпарат.

КЕШЕ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ НҮРДӘУЛЕТ ҚИЛЫБАЙ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН ҚАРАҚИЯ АУДАНЫНА БАРЫП, ӨНІРДЕГІ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ДЕНГЕЙІН ТӨМЕНДЕТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУДЫ КҮШЕЙТУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАДЫ. САПАР АЯСЫНДА АЙМАҚ БАСШЫСЫ АУДАНЫНЫҢ ӨНДІРІСТІК КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫМЕН АРНАЙЫ ЖИЫН ӨТКІЗІП, КЕЙІН ЖЕТІБАЙ АУЫЛЫНЫҢ АҚСАҚАЛДАРЫМЕН ЖӘНЕ ЖҰМЫССЫЗ АЗАМАТТАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ.

ҚАРАҚИЯДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ – БАСТЫ НАЗАРДА



Аудан әкімінің орынбасары Марат Төлегенов жиында 2025 жылдың соңына дейін табиғи кему есебінен босайтын орындарға қатысты жоспарланған вакансиялар туралы баяндама жасады. Сондай-ақ өрт сөндіру қызметі мен шекара бөлімшесіндегі бос орындарды таныстырып, тұрғындарға қолжетімді жаңа жұмыс бағыттарын ұсынды. Аймақ басшысы Нұрдәулет Қилыбай еңбек нарығындағы тепе-теңдікті реттеудің маңыздылығын атап өтті. Оның айтуынша, жұмыс берушілер мен жұмыссыз азаматтар арасындағы байланысты күшейту



– бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі.

– Қарақияда жұмыс істеп жатқан мұнай-газ және өндірістік кәсіпорындардың барлығы босайтын жұмыс орындарын белгіленген мерзім ішінде аудандық Мансап орталығына ұсынуы тиіс. Тестен өте алмаған немесе сұхбаттасуда сәтсіздікке ұшыраған азаматтарға да мүмкіндік беру тетігін қарастыру қажет. Компаниялар өз қаражаты есебінен қысқа мерзімді курстар ұйымдастырып, қажетті мамандарды дайындауға атсалыссын. Негізгі мақсат – жергілікті кадрларды жұмыспен қамтуды арттыру, – деді облыс әкімі.

Ресми жиыннан кейін Нұрдәулет Қилыбай Жетібай ауылына барып, ақсақалдармен және жұмыссыз тұрғындармен ашық форматта кездесу өткізді. Бұл – бұған дейін жергілікті тұрғындар тарапынан көтерілген өтінішті орындау мақсатында ұйымдастырылған бас қосу. Кездесуде ауыл тұрғындары негізгі әлеуметтік мәселелер – жұмыссыздық, әлеуметтік инфрақұрылым, жастарды қолдау жайында ойларын ортаға салды. Әкім өңірде жұмысқа орналасу процесін үйлестіретін арнайы жұмысшы топ құрылғанын айтып, бұл топтың жұмысы әділ әрі ашық түрде жүргізілетініне тоқталды.

Аймақ басшысы әрбір өтініш ескеріліп, тұрғындардың ұсыныстары нақты шешім қабылдауға негіз болатынын атап өтті. Жетібайлықтар көтерген мәселелер жақында жұмысшы топ пен тиісті мекемелердің бақылауына алынады.

Өз тілшіміз.

ӨТКЕН АПТАДА «ҚАЗПОШТА» АҚ-НЫҢ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫНДА ЖЫЛ САЙЫН ДӘСТҮРГЕ АЙНАЛҒАН БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ ӨТТІ. БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН ОҚЫРМАН ҚАУЫМНЫҢ БАСЫН ҚОСҚАН БҰЛ ШАРАҒА «МАҢҒЫСТАУ-МЕДИА» ЖШС ДИРЕКТОРЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ ЛАУРА ТЫНДЫРҒАНОВА, ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ «МАҢҒЫСТАУ» ГАЗЕТІНІҢ РЕДАКТОРЫ АНАРГҮЛ ЖЕКЕМБАЙҚЫЗЫ, СОНДАЙ-АҚ «ОГНИ МАНГИСТАУ» ГАЗЕТІНІҢ РЕДАКТОРЫ МАРИНА ҚАЛАҒАНОВА АРНАЙЫ ҚАТЫСЫП, ОҚЫРМАНДАРМЕН ЖҮЗДЕСТІ.

БАСПАСӨЗ – тірі шежіре



Редакторлар баспасөздің қоғам үшін атқаратын рөлін, өңір тынысын айна-қатесіз көрсету жолындағы редакцияның күнделікті еңбегін тілге тиек етті. Олар өңірлік басылымдарға жазылу ауылдағы, қаладағы мыңдаған оқырманның сенімді ақпараттан қол үзбеуінің кепілі екенін атап өтті.

– Бүгінгі ақпараттың жылдамдығы артқан заманда баспасөздің маңызы кеміп бара жатыр деген пікірлер айтылып жүр. Бірақ газеттің құндылығы ешқашан жоғалмайды. Өйткені газет – тек жаңалық тарататын құрал емес, қоғамның тынысын дәл жеткізетін, аймақтың тарихын хаттап отыратын тірі шежіре, – деді «Маңғыстау» газетінің редакторы Анаргүл Жексембайқызы.

Кездесу барысында жиналған тұрғындар да оқырманның сауатын ашуға газеттің ықпалы зор екенін атап өтті. Әсіресе телефонға телмірген жастарды газет оқуға баулу, баспасөз арқылы тарих пен ұлттық құндылықтарды бойларына дарыту тұрғысынан өз ойларын ортаға салды.

» 5

ВАЛЮТА БАҒАМЫ	
(USD) АҚШ доллары	527.20
(EUR) Еуро	610.28
(RUB) Ресей рублі	6.73

АУА РАЙЫ		
	ТҮН	КҮН
Ақтау	+5	+12
Жаңаөзен	+4	+10
Форт-Шевченко	+6	+11

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақтелеком» АҚ ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес құрылыс кезеңіне әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін «Әзірбайжан – Қазақстан теңіз көбіл жүйесі» жобасы бойынша экологиялық құжаттамаға қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Қоғамдық тыңдаулар **2025 жылғы 24 желтоқсанда сағат 10.00-де** Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 13-шағын аудан, 25 а, «Grand Hotel Victory» МК, «Каспий» конференц-залы мекен-жайы бойынша өтеді.

Сонымен қатар ZOOM платформасында онлайн режимінде келесі сілтеме арқылы қосылу мүмкіндігі болады: <https://zoom.us/j/2537868063?pwd=7131s5SzyWaNXUmapf5CbeeXhLZWD0.1&omn=91455913478>

Конференцияның идентификаторы: 2537868063.

Кіру коды: 953833

Ұйымдастырушы: «Қазақтелеком» АҚ, Астана қаласы, Есіл ауданы, Сауран көшесі, 12-ғимарат, тел.:+7 707 555 7599, эл.мекен-жайы:turmukhambet.d@telecom.kz.

Әзірлеуші: «Қазақстан қолданбалы экология агенттігі» ЖШС, Алматы қ., Жібек жолы даңғылы, 157.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу мәселелері бойынша мына телефонға хабарласуға болады: +7 727 2341668, эл. мекен-жайы: almaty@kape.kz.

Жобалық құжаттама топтамасымен қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінің сайтында танысуға болады: <https://ndbecology.gov.kz> ескертулер мен ұсыныстар беру үшін.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-не жолдауға болады, жауапты тұлға Сабина Базарбай, эл.почта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz, тел.: +7 778 1139897.

Учаскенің географиялық координаттары:

Шығыс бойлық	Солтүстік ендік	Шығыс бойлық	Солтүстік ендік
1. 51,112621	43,695912	5. 51,112237	43,696236
2. 51,110206	43,694039	6. 51,111932	43,696674
3. 51,110025	43,694162	7. 51,113099	43,696674
4. 51,112385	43,695992	8. 51,113608	43,696222

Жұмыстарды жүргізу кезінде ықтимал әсер ету аумағының географиялық координаттары:

Шығыс бойлық	Солтүстік ендік	Шығыс бойлық	Солтүстік ендік
1. 51,112523	43,700915	3. 51,109846	43,689581
2. 51,119349	43,695955	4. 51,103938	43,694292

Хабарландыру

«Өзенмұнайгаз» АҚ <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында 27.11.2025 ж. 5 жұмыс күні ішінде қоғамдық талқылау түріндегі қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды. Талқылауға шығарылатын жұмыс жобалары «МГӨБ-1, ТҚ-88 ауданында 15 адамға арналған шаруашылық-тұрмыстық ғимарат салу» және «Маңғыстау облысындағы МДЖӨҚБ сыйымдылығы 10000 м³ ТССС-4-тік болат резервуарлардың құрылысы» және оларға ҚОҚ бөлімі.

Құжаттар <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында орналасқан.

Тел.: +7 (7292) 470290 (3311).

Жаңаөзен қалалық сотының өндірісіне арыз беруші Асия Жанисова апасы

КАМШАТ ЖАНИСОВАНЫҢ

хабар-ошарсыз кеткенін хабарлайды.

БҰЛ БОС ОРЫН

СІЗДІҢ

ЖАРНАМАҒА

АРНАЛҒАН

ТЕЛЕФОН: 20-48-42

Маңғыстау жастарына арналған

ЦИФРЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕР КЕҢЕЮДЕ

Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының және Маңғыстау облысының жастар саясаты басқармасының қолдауымен Timur Academy өңір жастарына арналған бірнеше маңызды іс-шараларды жүзеге асырды.

2025 жылғы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында атап өтілген жасанды интеллектті дамыту, жастардың цифрлық сауаттылығын арттыру және технологиялық бастамаларды қолдау бағыттары Маңғыстау өңірінде нақты іске асып келеді. Осы мемлекеттік міндеттермен үйлескен Timur Academy бастамалары жастардың цифрлық дағдыларын нығайтуға және IT саласына қызығушылығын арттыруға бағытталды.

Ақтау қаласы мен Мұнайлы ауданында өткен екі Techno кездесуде IT аналитик, цифрлық технологиялар саласының маманы, жасанды интеллект бойынша эксперт Тимур Бектұр өңір жастарына «Жасанды интеллект дәуірі: жастарға қандай мүмкіндіктер бар?» тақырыбында мазмұнды дәріс оқыды. Жастар ЖИ технологиялары, болашақ мамандықтар және цифрлық дағдылардың маңыздылығы жөнінде құнды ақпарат алды.

Сондай-ақ Құрық ауылында және Түпқараған ауданында өткен «IT саласы және жасанды интеллект» вебинарлары да жастардың үлкен



қызығушылығын тудырды. Тимур Бектұр жүргізген бұл вебинарларда жастар жаңа технологиялардың қоғамдағы рөлі, IT саласының даму динамикасы және жас мамандарға ашылатын мүмкіндіктермен танысты.

Жыл ішінде ұйымдастырылған бес менторлық кездесуде жастар стартап, IT дағдылары, жобалық ойлау және ЖИ құралдарын қолдану бағыттары бойынша кәсіби кеңес алды. Бұл кездесулер жастардың жеке даму траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Өңірде алғаш өткен AI Aktau Hackathon барысында жастар жасанды интеллектіге негізделген жобалар әзірлеп, қалалық өмірді жақсартуға арналған шешімдер ұсынды. Хакатон жастардың шығармашылық және аналитикалық қабілеттерін дамытуға ықпал етті. Сонымен қатар «IT жобалар және стартап идеялар» конкурсы өткізіліп, жастар инновациялық идеяларын таныстырып, үздік жобалар арнайы марапаттарға ие болды.

Timur Academy жүзеге асырған бастамалардың маңызды бірі — Android және iOS жүйелерінде қолжетімді «Маңғыстау жастары» мобильді қосымшасының іске қосылуы. Қосымшада өңір жаңалықтары, жастарға арналған іс-шаралар, жұмыс орындары және 10 тегін цифрлық курс орналастырылған.

Осы іс-шаралардың барлығы өңір жастарына жаңа мүмкіндіктер ұсынып, олардың цифрлық ортаға бейімделуіне мүмкіндік берді.

Өз тілшіміз.

АУАНЫҢ

ЛАСТАНУЫ

Ауаның ластануы – әр түрлі газдардың, қатты және сұйық заттардың немесе табиғи булар мен қалдықтардың ұсақ түйіршіктерінің, ауаға қосылуы. Олар жер бетіндегі жан-жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне және адамдардың өмір сүруіне зиянды ықпалын тигізуде. Бүгінде ауаның, тазалық сапасы бұрынғы кезден ауытқуда. Оның негізгі себептері ауаға адамның іс-әрекетінен болатын әр түрлі газдардың шығарылуы. Оларды ауаны ластағыш заттар деп атайды. Ластағыш заттардың негізгі көздері: өнеркәсіп, автокөліктер, зауыттар, жылу энергетикасы, қару жарактарды сынау, ғарыш кемелері мен ұшақтар және т.б.

Жоғарыда аталған объектілерден атмосфераға түскен заттар ауа құрамындағы компоненттерінің қатысуымен химиялық немесе фотохимиялық өзгерістерге ұшырайды. Содан соң пайда болған химиялық өнімдер суға, топыраққа түсіп, барлық тірі организмдерді, ғимараттарды, құрылыс материалдарын бүлдіреді.

Ауаның әр түрлі зиянды заттармен ластануы, адамдар органының ауруына, оның ішін-

де тыныс мүшелерінің ауруына әкеліп соғады. Әсіресе ауаның ластануы адамдардың денсаулық жағдайына кері әсерін тигізеді. Атмосферадағы адам денсаулығына әсер ететін кез келген элемент – ластаушы.

Облысымызда санитарлық – эпидемиологиялық бақылау саласының мамандарымен қоршаған ортаның қауіпсіздігіне және физикалық факторлар деңгейлеріне санитариялық – эпидемиологиялық мониторинг жоспары жасақта-

лып, жыл бойы зертханалық зерттеу жұмыстары жасалады. Ауаның сапасын бақылау мақсатында облыста зертханалық мониторинг жүйесі енгізілген. Ай сайын осы өнеркәсіптік кәсіпорындардың және селітебтік аумақтарда орналасқан 118 бақылау нүктелері бойынша зертханалық өлшеулер жасалып отырады.

2025 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша мониторинг жоспарына сәйкес 7 672 атмосфералық ауаға өлшеулер жасалып, оның ішінде 54 (0,7%) сәйкестік (Ақтау, Жаңаөзен қалаларында және Маңғыстау ауданында) анықталды.

Анықталған сәйкестіктер бойынша жергілікті атқарушы органдарға хаттар жолданып, сәйкестіктерді жою үшін ұсыныстар берілді. Сонымен қатар облыс тұрғындарына түсіндіру, санитарлық ағарту жұмыстары үнемі жасалады.

Раушан СЕРІКБАЙ,
коммуналдық объектілерді
бақылау бөлімінің басшысы.

БАСПАСӨЗ-2026

«МАҢҒЫСТАУ»

газетіне жазылу

науқаны жүріп жатыр

«Халық» және «Каспий» қосымшасы арқылы онлайн жазылуға болады

Туған өлкеніңіздің үнін жеткізетін — «Маңғыстау» газеті!

«МАҢҒЫСТАУ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ

Жазылу түрлері	Редакция арқылы жазылу бағасы	«Қазпошта» АҚ арқылы жазылу бағасы	Индекс
Занды тұлғалар үшін 1 жылға	16 370,00	25 881,96	15492
Жеке тұлғалар үшін 1 жылға	8 185,00	12 947,52	65492